

**№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің қашықтықтан отырысы
Хаттама № 4**

Күні: 04.06.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1.«Бала денсаулығы мен өмірі – ата-ана жауапкершілігі»

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Г.Ш.Мукашева.

2.«Қауіпсіз каникул – 2021

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды.

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Ш.Мукашева:

Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.Әдетте кез келген ата-ана балаларды мектепке шығарып саларда «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» деген ескертуден аса алмайды. Бұл - әрине, жеткіліксіз.

Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барарда үнемі мынаны ескертіп отыруы керек:

- Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;
- Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;
- Бөтен адаммен подъезге, подвалға, лифтіге кірме;
- Сені артыңнан қуса, көп адамдар арасына жүгір.

Жалпы ата-ана баласының қайда және кіммен ойнап жүргенін білуі керек. Мектепке кешікпей баруын, үйге уақытысында келуін қадағалағаны абзал.

2.Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Тоқмурзина сөз алды.

Құрметті ата-аналар! Барлық құқықбұзушылықтың 55%-дан астамы жазғы каникул кезінде жасөспірімдермен жасалады. Жасөспірімдердің қайғылы оқиғаға ұшырауы да негізінен жазғы каникул кездерінде болады. Сондықтан, жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі мен қамтылуын қамтамасыз ету аса маңызды» -деп бала қауіпсіздігі мәселесіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері шешім қабылдайды:

- 1.Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.
- 2.Ата-аналар тарапынан жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігі ескерілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы:
Хатшысы:**



**Г.Шаяхметова
М.Габдуллина**